

ҚАЗАҚ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

80 жыл!

№ 28 (1538)
16 қыркүйек
2014 жыл

УНИВЕРСИТЕТІ

www.kaznu.kz

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ҒЫЛЫМҒА ШЫНАЙЫ КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

Елімізді әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдері санатына қосу үшін ғылымды дамыту қажет. Білім мен ғылымның ұштасуы, ғылым жетістіктерін өндіріске енгізу – инновациялық дамуға апарар даңғыл жол. Сондықтан да Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясында бүгінгі заманауи талаптарға сай жаңа толқын ғалымдарын даярлауды тапсырды. Бұл ретте отандық білім беру ісінің көшбасшысы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға артылар жауапкершіліктің зор екендігі айқын. Бұл міндеттің маңыздылығын тереңінен ұғынған ҚазҰУ ұжымы кешегі ректорат отырысында ғылымның өзекті мәселелері хақында ой бөлісіп, болашақ ғылым докторларының дайындығын талқылады.



Ғылыми кадрларды дайындау мен аттестациялау бөлімінің бастығы Ләйлә Сыздықованың мәлімдеуінше, ҚазҰУ докторанттарының диссертациялық кеңестер ашылған ЖОО-ларға бөлінуінің нәтижесі бойынша, университет 86%-ға ие, яғни 106 докторант ғылыми дәрежелерін университеттің диссертациялық кеңестерінде қорғайтын болады. Философия докторы, сала бойынша доктор ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияның негізгі ғылыми жетістіктері тым болмағанда 7 жарияланымға арқау болуы керек. Атап өтсек, Ғылыми комитет ұсынған үш ғылыми басылымда; Thomson Reuters (ISI Web of Knowledge) компаниясының ақпараттық базасы мәліметтері бойынша нөл емес импакт-факторға ие немесе Scopus компаниясының мәліметтер базасына енетін бір

халықаралық ғылыми басылымда; үш халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде біреуі шетелдік конференция материалдарында жариялануы шарт. Ләйлә Ибрашқызы бүгінгі таңда докторанттардың басым көпшілігі жарияланымдар бойынша талапты орындап үлгергенін жеткізді. Олардың арасында заң және журналистика факультеттері жарияланымдар бойынша типтік ережелерін диссертациялық кенеске 100% тапсырған. Өзге факультеттердің бұл талапты орындау үстінде екендігін жеткізген бөлім бастығы 2013 жылғы жағдаймен салыстырғанда, биылғы нәтиженің өсіп отырғандығын тілге тиек етті.

Ғылым деңгейін көтеріп, халықаралық байланыстарды күшейту керек.

Жалғасы 2-бетте

«ТІЛДЕР» ФЕСТИВАЛІНІҢ АПТАЛЫҒЫ ӨТЕДІ

Тіл – басты құндылығымыз. Оны анамыздай құрметтеу, сақтай білу – парыз. Осы ретте 2014 жылдың 22-26 қыркүйек аралығында Тәрбие жұмысы жөніндегі департаментінің ұйымдастыруымен «Қазақстан халқының Тілдер күні» мерекесіне орай ел білімі мен ғылымының ірі орталығы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәстүрге айналған жыл сайынғы жалпыуниверситеттік «Тілдер» фестивалі апталығы өтеді.

Тіл - адамның қарым-қатынас, ойлану құралы. Ол – адамзаттың интеллектуалдық әлеуетінің қазынасы ретінде халықтың ең құнды байлығы болып табылады. Сондықтан Тіл мерекесі – еліміздің ең жарқын мерекелерінің бірі. Тілдер апталығы аясында барлық факультеттер мен кафедраларда тілді құрметтеу, оның маңызын насихаттау, әлем тілдерінің қолданыс аясын кеңейту мақсатында әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар мереке қарсаңында факультеттер арасында сауалнама жүргізіп, көп тіл білетін полиглот-оқытушыларды анықтаған болатынбыз. Оның қорытындысы мен «Тілдер» фестивалінің апталығында өткізілетін іс-шаралар кестесін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

Жалғасы 8-бетте

КОРЕЯ ЖЕРІНДЕ ӨТКЕН МАТЕМАТИКТЕР КОНГРЕСІ

Жақында Сеул қаласында дүниежүзі математиктерінің 4 жылда бір өтетін халықаралық конгресі өтті. Тарихы 1897 жылдан бастау алатын шара 120 ел математиктерінің басын қосты. Оған Қазақстаннан 20-дан астам математик қатысты.


Бес мыңнан астам адамның қатысуымен өткен ашылу сәтінде Корея республикасының президенті Пак Кын Хе келіп құттықтау сөзін айтып, өз қолымен "Математиканың Нобель премиясы" деп аталып кеткен Филдс медалімен математиктерді марапаттады. Конгресс төрағасы Hyungju Park техникалық мамандықтардың әр жаналығына баса назар аударатын Samsung, Hyundai, LG сияқты әлемдік брендтері бар елде мұндай конгресстің өтуі маңызды екендігіне, математика халықтың қажетіне айналуы үшін жан-жақты жұмыс істелетініне тоқталды. Осы конгресс жастардың қызығушылығын арттыру үшін үкімет 2014 жылды "Математика жылы" деп жариялады.

Оңтүстік Кореяның ең үлкен көрме орталығы COEX-та орын алған конгресте Корея университеттерінің 282 волонтер-студенттері жиналған ғалымдарға жол көрсетіп отырды. Конгреске қатысқан механика-математика факультетінің 1-курс студенті Қ. Досмағұловаға Ұлыбританияның Филдс медалісі Martin Haigедің қолынан автографы қойылған кітабын сыйға алды. Факультет студенті бұл сыйлықтың өзі үшін маңызы зор екендігін әрі стимул болғанын айтты. Себебі, Martin Haiger - стохастикалық дифференциалдық тендеулерді зерттеу ісіне зор үлес қосқан ғалым.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

"MADE IN KAZAKHSTAN"



3-бет

БҮГІНГІ САНДА:

БАСТЫ МІНДЕТ-СТУДЕНТКЕ ҚЫЗМЕТ



4,5-беттер

БҮГІНГІ САНДА:

СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ДРАМА



6-стр.

ҒЫЛЫМҒА ШЫНАЙЫ

КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ



Нақты нәтижеге қол жеткізу үшін талдау жасап, қорытынды шығара білу маңызды. Оның ішінде докторанттарға жетекшілік ететін шетелдік және отандық ғалымдардың деңгейі мен жетістіктеріне, шәкірттерінің қорғау көрсеткішіне баса назар аудару қажет. Ректор Ғалым Мұтанұлы мәжілісте осы мәселені көтерді. Сондай-ақ университет басшысы факультеттерге жалпы докторанттардың диссертациясын уақытында қорғау жағдайын жіті қадағалауды, олардың мүмкіндіктерін алғашқы курстан бастап анықтауды тапсырды. Барлық деңгейдегі ізденушілерге ҚазҰУ-да толық жағдай мен мүмкіншіліктер жасалған. Мұнда ғылымға жүрдім-бардым қараушыларға орын жоқ. Осы ретте ректор Ғалым Мұтанов университеттегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің академиялық және ғылыми мәселелерін қарастыратын кеңес құруды ұсынды. «Ғылым мен білімнің бірігуі нәтижесіне біз жауаптымыз. Себебі биыл БҒМ Ғылым комитетінің 10 ғылыми зерттеу институты мен ҚазҰУ бірігіп қолға алған ғылыми кадрларды дайындауға бағытталған жаңа жоба өз жұмысын бастады», — деді ректор. Барлық факультеттер мен кафедраларға осы сұрақты тағы да пысықталуды ұсынды.

Сонымен қатар жиын барысында ЖОО-ның институционалды және арнайы аккредитациялануы аясында келген сыртқы сарапшылар жұмысы жайлы сұрақ қаралды. Хабарлама жасаған Аккредитация, рейтинг және сапаны басқару жөніндегі орталық директорының м.а. Шыңғыс Ергөбектің айтуынша, сарапшылар жұмыстарының қорытындысы әлі белгісіз. «Бірақ алғашқы нәтижелер университеттің бұл сыннан жақсы өтетіндігін байқатып отыр», — деді ол.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

“Global e-School” жобасы жүзеге асуда

8-9 қыркүйек аралығында “Global e-School” жобасы аясында шығыстану факультеті корейтану және жапонтану кафедрасында Ханяң университеті мен Саңмёң университетінің профессорлары – Хан Хон Юль (Han Hong Yul), Ли Хи Вон (Lee Hee Wjn) және Им Ён Сун (Yim Yong Soon) арнайы дәріс оқыды.

Global Class — бұл онлайн видео дәрістерін, видео-конференциялар мен семинарлар өткізу үшін арнайы жабдықталған аудитория. Бұл аудитория 2013 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ корейтану және жапонтану кафедрасы Ханяң Университетімен (Корея Республикасы) бірігіп, Корея қорының қаржылай қолдауымен “Global e-School” онлайн оқыту жобасын жүзеге асыру үшін ашылған болатын. 2013 жылдың наурыз айынан бастап осы уақыт аралығында Ханяң университеті, Кореяның шетелдік зерттеулер университеті (HUFU), Йонсэ университеті сияқты жетекші корей университеттерінің профессорлары корей және ағылшын тілдерінде бес курсты оқыды: «Business Korean», «Korean Art and Philosophy», «Korean Language and Korean Culture», «K-culture: Modern Korean Cultural Contents», «Korea Economic Development». Шығыстану және халықаралық қатынастар факультетінің шамамен 48 студенті аталған курс шеңберінде оқудан өтіп, тиісті сертификаттар алды.

Енді, міне, 2014 жаңа оқу жылында бұл жоба Global Class-та өз жұмысын одан әрі жандандыра бастады. 8 қыркүйек күні профессор Ли Хи Вон «Korean Films and Culture Reading» тақырыбында дәріс оқыды. Ал профессор Им Ён Сун (Yim Yong Soon) 9 қыркүйекте «North Korean Politics and Society» тақырыбында, профессор Хан Хон Юль (Han Hong Yul) «Korean Economy» тақырыбында



дәріс оқыды. Аталған профессорлар өз дәрістерін алдағы уақытта Кореядан онлайн түрінде жалғастыратын болады. Дәрісті тек шығыстану факультетінің студенттері ғана емес, өзге де университеттердің студенттері, оқытушылары, магистранттары, докторанттары тыңдай алады. Дәрістерді толық тыңдап, емтихан тапсырған адамға сертификат беріледі. Дәрістер корей, ағылшын тілдерінде жүреді.

“Global e-School” жобасы арқасында біздің студенттеріміз Кореяның экономикасы, мәдениеті, корей тілі мен әдебиеті т.б. туралы білімдерін тереңдетіп, күзиретілік деңгейін арттыруда. Онлайн арқылы оқып білім алу — қазіргі заманауи білім ағартудағы басты тренді. Оның

артықшылығына тиімді білім алудың жоғарылығын, дәстүрлі күндізгі оқытуда жұмсалатын қаржыны азайту, оқуға кететін шығындарды барынша төмендету және білім алмасуды жақсарту сияқты мүмкіндіктерді жатқызуға болады.

Бұл жоба корейтану және жапонтану кафедрасында әдеттегі тәжірибеге айналуға. Кафедра 2014-2015 оқу жылында “Global e-School” бойынша оқығысы келетін университеттің барлық студенттерін шақырады.

Бақытгүл ТАШКЕНБАЕВА,
Гүлнұр ШАТЕКОВА,
корейтану және жапонтану кафедрасының оқытушылары

Жалғасы. Басы 1-бетте

КОРЕЯ ЖЕРІНДЕ ӨТКЕН МАТЕМАТИКТЕР КОНГРЕСІ



Оның еңбектерінде алғаш рет физикалық құбылыстарды сипаттайтын стохастикалық дифференциалдық теңдеулердің терең мағынасы берілген.

Ғылымға қызығушылық танытқан студентіміз Жапония, АҚШ, Ресей мемлекеттерінің ғалымдары тарапынан қолдау көріп, шақырту алды.

Әртүрлі мемлекеттерден келген діні, тілі бөлек адамдардың бір-бірін түсінуі қиын болған жоқ. Бәрі бірдей ағылшын тілінде сөйлеп, математика саласындағы

жетістіктерімен бөлісті. Секция жұмысы аяқталғанда, Корея шахматының (Baduk) әйгілі профессионалдарымен логиканы сынауға мүмкіндік берілді. Студенттер мен докторанттарға математиктер туралы фильмді көру қызық болды. Ғалымдар Oxford, Cambridge университеттерінің және Elsevier, Springer, Kyungmoonsa баслымдарының көрмелерінен пайдалы ақпараттар алды. Жұмыс барысында шет елдердің ғалымдары біздің баяндамаларды мұқият тыңдап, негізгі мағынасын түсініп,

қолданбалы проблемалармен ұштастыруға кеңес берді. Компанияларға ұсынып, қолданысқа айналдыру процесіне аса назар аударуды ұсынды. Бір айтарымыз, бүкіл дүниежүзі математиктерінің ағылшын тілін жетік меңгергеніне куә болдық. Біздің студенттерге де ағылшын тілі кедергі болмай, өз жетістіктерін осындай халықаралық конгрестерде еркін жеткізе алуына тілектеспіз.

Отбасын сақтауға ерекше көңіл аударатын елде “кіші Disneyland” атанып кеткен Everland қалашығында демалуға бар жағдай жасалған. Конгресс Сеулдің Gangnam ауданында өткендіктен, әлемді жаулап алған “Gangnam style” әніне арнап салынған ескерткішті тамашаладық. Ескерткіш алдында кейінгі жылдары туристер көп жиналады екен.

Конгрестің ұйымдастырылуы жоғары дәрежеде өтті. Конгреске қатысушылар баяндама жасаумен ғана емес, сонымен қатар әртүрлі экскурсиялар ұйымдастырылғандықтан, Корея мәдениетімен танысуға үлкен мүмкіндіктер алды. Ұйымдастырушылар Кореяның ұлттық киімін, тағамын, ойындарын, музыкалық аспаптарын және мәдени, діни, тарихи орындарын түсіндіріп, көрсетіп, жарнамалап үлгерді.

“Көп естігенше бір көрген артық” демекші, осы сапардан өзімізге жан-жақты үлкен тәжірибе алып қайттық.

Дифференциалдық теңдеулер және басқару теориясы кафедрасының профессоры **Алиасқар ТҮНҒАТАРОВ**, доценті **Жанат ЖҮНІСОВА**

«Атыңнан айналайын, Қазақ қызы!» республикалық жыр мүшәйрасында бас жүлдені ҚазҰУ-дың 4-курс студенті Айбол Исламғалиев жеңіп алды

«Made in Kazakhstan»

Казахстанский гидрогель, разработанный в лаборатории КазНУ им. аль-Фараби, лечит детей и вызывает интерес зарубежных медиков.



Уникальный гидрогель был создан под руководством профессора университета Григория Муна и уже активно внедряется в медицинскую практику. В частности, он применяется при лечении пузырно-мочеточникового рефлюкса – заболевания, которому подвержены почти 30 процентов детей в возрасте до семи лет. По словам ученого, использование полимера выгодно тем, что оно не требует хирургического вмешательства.

«Небольшое количество вещества вводится через шприц, затем гидрогель твердеет и корректирует форму. Во всех случаях лечение проходит успешно, побочных эффектов не было», – отмечает руководитель проекта.

Также гидрогель планируется использовать в маммопластике. Его уникальностью, что гель полностью инертный, гипоаллергенный и не вызывает отторжения. Профессор уверен, что этот материал в будущем заменит традиционный силикон и уже вызвал интерес медиков из Южной Кореи.

Область применения казахстанского гидрогеля не ограничивается урологией и маммопластикой. Лаборатория также разрабатывает гелевую повязку для лечения ран и ожогов. От зарубежных аналогов она отличается тем, что в нее

Григорий Мун – доктор химических наук, профессор, заведующий кафедрой химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров КазНУ, академик Национальной инженерной академии РК. По данным авторитетной международной информационной компании «Thomson Reuters», он является одним из ученых, занимающих первую позицию в мировом рейтинге в области нанохимии и нанотехнологии. Профессор Г.А. Мун – самый цитируемый за рубежом казахстанский ученый, общее число цитирований на данный момент составляет свыше 1000, у него также самый высокий в Казахстане «Индекс Хирша» – 19.

добавлены фитопрепараты, анестетик и частицы наносеребра, имеющие антибактериальные свойства. Этот совместный проект, подготовленный Г. Муном и профессором факультета Ж. Абиловым, выиграл конкурс

по коммерциализации. Запустить производство повязок ученые надеются к 2015 году под маркой «made in Kazakhstan». Эта работа ведется совместно с учеными Института ядерной физики с применением

радиационной технологии. Профессор Г. Мун уверен, что казахстанские гидрогелевые повязки будут эффективнее, чем зарубежные аналоги.

Помимо этого, при непосредственном участии Г. Муна разработаны и внедрены в практику полигель для использования в качестве контактной среды при проведении ультразвуковых диагностических исследований и полимерный водонабухающий дренаж для лечения ран и мягких тканей в офтальмохирургии.

Соб. корр

ЭКСКУРСИЯ ЖЕТКШІЛЕРІ ҚАЗҰУ-ДА ДАЙЫНДАЛАДЫ

Еліміздің бас ордасы Астанада өтетін «EXPO-2017» халықаралық көрмесінің Қазақстан мемлекеті үшін маңызы зор. 160 жылдық тарихы бар халықаралық арнайы көрме экономикасы жағынан алып елдер: АҚШ, Франция, Германия, Жапония, Бразилия, Англия, Қытай секілді мемлекеттерде өткен. Енді болашақта Орталық Азия мен ТМД мемлекеттері арасында тұңғыш рет біздің елімізде өткелі отыр. Елбасымыз айтқандай, дамыған мемлекеттің біріне айналу үшін экономикамызды өркендету, бәсекеге қабілеттілігімізді арттыра білуіміз керек.

Экономика тек қана экспорт пен инвестициядан дамымайды. Экономиканы қалыптастыруда үлкен бір тармақ – туризмнің ролі жоғары болып табылады. Осы жоба арқылы еліміз тек энергетикаға және жасыл технологияларға ие болып қоймай, сонымен қатар инфрақұрылымды дамытуға, қалалардың көркеюіне, жаңа қонақүйлер мен жол тораптарының салынуына мүмкіндік аламыз. Шамамен 3 айға созылатын «EXPO-2017» халықаралық көрмесіне



шетелден 5 миллионға жуық қонақ келеді деп күтілуде.

Бұл көрмені ұйымдастыру дүние жүзі елдері алдында үлкен жауапкершілікті талап етеді. Көрмені жоғары дәрежеде

өткізу үшін мамандар біліктілігі аса қажет. Кең байтақ жеріміздің, тұғыры биік еліміздің бай тарихын насихаттап жеткізу үшін мамандар әлден даярланып жатыр. Соның бірі ретінде әл-Фараби

атындағы Қазақ ұлттық университеті география және табиғатты пайдалану факультетінің рекреациялық география және туризм кафедрасы базасында экскурсия жетекшілерін даярлау жөніндегі курстың ашылғанын айтуға болады. Олар «EXPO-2017» халықаралық арнайы көрмесінде және 2017 жылғы XXVIII Қысқы студенттер ойындарын өткізу барысында туристік топтарға қызмет көрсететін болады. Экскурсия жетекшілерін даярлау сабақтары «EXPO-2017» халықаралық арнайы көрмесіне дайындалу мен ұйымдастыру бойынша Мемлекеттік комиссияның кеңейтілген жиналысында бекітілген іс-шаралар жоспарының негізінде іске асырылуда. Әлемдік аренада мемлекетіміздің беделін көрсететін осы халықаралық арнайы көрменің бай тарихымыздың мақтан тұтар бөлігіне айналуы үшін әрбір Қазақстан азаматы қолдан келгенше өз үлесін қосуы керек!

А.Ш. ШАКЕН; Г.Р. АЙЖОЛОВА,
рекреациялық география кафедрасының аға оқытушылары

С 22 по 26 сентября в КазНУ пройдет «Неделя языков», приуроченная к Дню языков народа Казахстана

Жастарды сапалы және қолжетімді әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметінің басым бағыттарының бірі. Осы мақсатта университетте Қазақстан ғана емес, ТМД елдері бойынша баламасы жоқ бірыңғай ресурстық студенттерге қызмет көрсету орталығы «Керемет» деген атпен шаңырақ көтерді. Мұндай орталықтармен тек Еуропаның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары ғана мақтана алады.

Орталық ұлы Шығыс ғұламасы – әбу Насыр әл-Фарабидің трактаттарында сипатталатын, «қайырымды да, ақылды қала құру» туралы идеясының желісінде университет ректоры Ғалым Мұтановтың бастамасымен өмірге келді. Бұл шешім ағымдағы жылдың 17 наурызында Ғылыми кеңесте бекітілді.

Оқу-тәрбие барысындағы әкімшілік, кеңес берушілік қызметтерді көрсетуді дамыту, «бір терезе» қағидасы бойынша әлеуметтік-қоғамдық қызметтерді ұсыну, сонымен қатар жастар саясаты мен оқу үрдісі менеджментінде, инновациялық іс-әрекеттерде студенттерді ынталандыруды дамыту – «Кереметтің» басты мақсаты. Яғни, орталықтың тәжірибелік мәні – студенттердің кампус аумағында болу барысында оларға деген сапалы әлеуметтік-тұрмыстық маңызды жағдайларды қалыптастыру.

7300 шаршы метр аумақты алатын үш қабатты, соңғы еуропалық үлгідегі жарқыраған кең ғимаратты кешенде 5 сектор орналасқан.

Аталмыш секторлардың алғашқысы «бір терезе» қағидасында жұмыс жасайтын, өзіне тіркеуші кеңсесін, студент бөлімін, халықаралық ынтымақтастық бөлімін, төлқұжат үстелі мен бухгалтерия бөлімдерін біріктірген – оқу секторы. Сонымен қатар бұл секторда Алматы қалалық халыққа қызмет көрсету орталығы мен Қазақ

ұлттық университеті арасында жасалған меморандум нәтижесінде қол жеткен электронды үкімет порталына қосылған халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді.

Ал банктік, заңгерлік, туристік, жұмысқа орналастыру туралы қызметтерді ұсынатын сектор әкімшілік, әлеуметтік-тұрмыстық сектор деп аталады. Орталықтың негізін қалаушылар назарынан студенттерге көңіл көтеру, ойын-сауықтық қызметтер ұсыну тарапы да тыс қалмаған. Ол үшін орталықта кинотеатр және кафе қызмет көрсетеді. Сондай-ақ төменгі қабатта мини-MEGA жобасы аясында құрылысы қарқынды жүріп жатқан супермаркет, сұлулық салоны, кітаптар дүкені, фотоателье, киім жуу орны, дәріхана, оптика, т.б нысандар орналасады.

Кезекті сектор жастар ұйымдарын басқару деп аталады. Ол университеттегі барлық студенттік ұйымдардың басын қосқан. Бұл секторда студент жастармен ақпараттық жұмыс жасаудың тиімді ауданын қалыптастыруға негізделген «InnovaTV» жобасының орны ерекше.

Болашақтағы «Керемет» мақтанаштарының бірі диагностикалық орталық болмақ. Оның қызметтерін үлкен 6 топқа біріктіріп атап өтуге болады: функционалдық зерттеу, клиникалық зерттеу, зертханалық зерттеу, сәулелік



зерттеу, гинекологиялық зерттеу, антропометрологиялық зерттеу.

«Керемет» – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері мен оқытушылар қауымына тиімді және жылдам әртүрлі қызметтер көрсетуге мүмкіндік беретін, автоматтандырылған «бір терезе» қағидасында қызмет көрсететін бірыңғай ресурстық орталық. Университеттің жиырма мыңға жуық студенті мен бес мыңдай ұстаздар қауымына қызмет көрсетеді деп

жоспарланғанымен, орталық болашақта өз қанатын жайып, қаладағы басқа да жоғары оқу орындарының студенттеріне де қызмет көрсетуі қарастырылған.

Бүгінде табысты жұмыс істеп жатқан орталықтың болашағы бұдан да жарқын болады деп сенеміз!

С.М. БАЯНДИНОВА,
«Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының директоры

БАСТЫ МІНДЕТ - С



А.А. АБИЛЬМАЖИНОВА,
Тіркеуші кеңсесінің жетекшісі:

– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әрбір студентінің білім беру кеңістігін қалыптастыру барысында тиімді факультет аралық өзара байланысты қамтамасыз ету үшін 2010 жылы 23 ақпанда университет көлемінде Тіркеуші кеңсесін ашты. Аталған қызметтің ашылуы ҚазҰУ-дың білім беру сапасын әлемдік стандартқа жақындатудың тағы бір қадамы болып табылды.

Бірыңғай университеттік тіркеуші кеңсесі жұмысының арқасында әрбір студенттің кез-келген уақытта оқу үдерісіне қатысты әртүрлі сұрақтарына уақытылы және кәсіби жауап алуына мүмкіндік туды.

2014 жылдың 11 мамырынан бастап Тіркеуші кеңсесі «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында (СҚКО) электрондық кезек алу жүйесі бойынша жұмыс жасауда.

Тіркеуші кеңсесі оқу жүйесінің барлық сатысы бойынша (бакалавриат – 81, магистратура – 84, Ph.D докторантура – 64) төмендегідей қызметтер көрсетеді:

- оқу үдерісінің академиялық параметрлерін айқындайды;
- пәндерді тіркеу және таңдау бойынша жұмыстың мониторингін және ұйымдастырушылық, ағымдағы аралық және қорытынды үлгерімді өңдеу, оқудың барлық сатысында білім алушыларға транскриптер жасау;
- студенттердің орталықтандырылған онлайн тіркеуі, пәндердің пәнаралық таңдамалылығын, еркіндікті қамтамасыз етуі;
- білім алушылардың оқытушыны таңдау еркіндігі;
- білім алушыларды білім траекториясын

таңдауға көмектесетін эдвайзерлердің оқу үдерісіне қатыстыру;

- «универ» жүйесіне оқу жоспарларын кіргізу, оқылатын пәнді игеру үшін міндетті пәндерді бақылау;
- оқытушы-профессорлар құрамын пәндерге бекіту;
- эдвайзерлерге білім алушыларды бекіту;
- білім алушыларға кредиттік оқу жүйесінің негізгі ережелері бойынша «универ» жүйесіне тіркелу жөнінде кеңес беру;
- қайта тіркелу үшін берілген өтініштермен жұмыс жасау;
- білім алушыларды қайта тіркеу, эдвайзерлер мен білім алушыларға қажет кезде кеңес беру;
- белгіленген мерзім бойынша аралық бақылауды сақтау мониторингін өткізу;
- жазғы семестрлерде ақылы түрде оқитын білім алушыларды пәндерге тіркеу;
- академиялық мобильділікпен шетелден, республиканың басқа ЖОО-ларынан келген білім алушылармен жұмыс жасау;
- бағалардың дұрыс енгізілуі мен аралық және қорытынды нәтижесінің сақталуын қадағалау;
- аттестациялық және емтихандық тізімдемелерге еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- есеп берудің тұтастығы мен қауіпсіздігі және аттестацияға санкцияланбаған кедергі жасауды болдырмау;
- Білім алудың кредиттік жүйесі жүзеге асқанда студент білім алудың жеке траекториясын қалыптастыра отырып, барлық оқу үдерісінің белсенді қатысушысына айналады.



Л.К. АХМЕТОВА,
специалист отдела по работе с молодежными организациями:

– Новый учебный год мы начали с очень приятной смены обстановки: новые кабинеты, мебель, техника. Атмосфера в студенческом ресурсном центре «Керемет» очень живая, все студенческие организации самоуправления университета полным ходом начали свою деятельность в стенах этого здания. Войдя сюда, сразу же ощущаешь значимость, отводимую студенчеству и деятельности студенческих организаций. Для студентов очень удобна локализация всех необходимых для них подразделений университета в одном месте, и это значительно сокращает время для получения нужной информации и документов. Кроме того, здесь есть подразделение банка и банкоматы, железнодорожные и авиакасса, нотариус. «Керемет» является центром кипения студенческой жизни, где студенты могут проводить досуг, воплощать идеи в реальность, удовлетворять потребности и нужды.

А.А. САЛЫКОВА,
начальник офиса студента:

— Офис студента является структурным подразделением университета, через который проходят все студенты и магистранты, начиная с момента зачисления на первый курс и вплоть до получения ими диплома.

Отдел ведет учет и движение контингента студентов и магистрантов: зачисление; отчисление — неуплаты за обучение, потери связи с факультетом; восстановление ранее отчисленных студентов, переводы из других вузов и в другие университеты, внутри университета, оформление академических отпусков, зарубежных командировок и многое другое. Вся работа ведется через программу “Univer”, “Direktum”.

Офис контролирует и ведет учет студентов, обучающихся по государственным образовательным грантам. Ежемесячно и ежеквартально составляет отчеты по движению контингента студентов и магистрантов. Отдел обеспечивает студентов университета дипломами, академическими справками, зачетными книжками, студенческими билетами и другими необходимыми документами. Ведет огромную переписку с различными организациями и ведомствами, отвечает на обращения студентов, выпускников и их родителей по вопросам перевода, восстановления, выдачи дубликатов дипломов, дубликатов приложений к диплому.

Сотрудники отдела выдают студентам и магистрантам копии аттестатов о среднем образовании, дипломов для предъявления по месту работы или для участия в различных программах и проводят разъяснительную работу среди работников деканатов, студентов и их родителей по всем вопросам, касающимся студентов.



СТУДЕНТКЕ ҚЫЗМЕТ



Айгерім СЕРІКЖАНОВА,

Жастар ұйымдары комитеті жетекшісінің орынбасары:

— ҚазҰУ-да жастардың өзін-өзі басқару әрі жетілдіруіне толықтай мүмкіндік жасалған. Жақында колданысқа берілген «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы осы мақсатта студентке үлкен көмек көрсетеді. Ағы айтып тұрғандай, «Кереметте» студентке қажетті қызметтің барлық түрі бір жерге шоғырландырылған. Орталық өте ыңғайлы.

Мен қара шаңырақ студенті ретінде орталық қызметін жан-жақты пайдаланамын. Мұнда тіпті нотариустың болуы болашақ заңгер — мен үшін өте маңызды әрі барша оқытушылар мен студенттер үшін аса қажет. Сондай-ақ орталықтан студенттік өмірге байланысты кез-келген сұраққа толық ақпарат алуға болады.

Керемет — еліміз бойынша жастарға арнайы салынған алғашқы орталық. Сол себепті ҚазҰУ жастары үлкен бақытқа ие деп есептеймін.



Н.Б. ӘБДІҚАДЫРОВ,
Жастар ұйымдары комитетінің жетекшісі:

— Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері үшін биылғы оқу жылы ерекше басталды. Өйткені біздің студенттік қалашығымызда «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы өз жұмысын толығымен бастады. Сонымен қатар, жастар саясатымен айналысатын студенттік ұйымдар жана ғимаратқа қоныс аударды.

100-ден астам студенттік ұйымдардың басын қосып отырған жастар ұйымдары комитеті, сонымен қатар «Керемет» қызмет көрсету орталығының екінші қабатында шоғырланған «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, Студенттер Сенаты, Жоғары студенттер кеңесі, «Көмек» еріктілер қозғалысы, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, Студенттердің ғылыми қоғамы және Алтын сапа пікір-сайыс клубы, ҚазҰУ «Жас Отан» жастар қанаты, Алматы студенттер альянсының өкілдігі, студенттік деканат жана оқу жылын «Кереметте» бастаған болатын.

Қазіргі таңда жастар ұйымдары комитеті студенттерге келесідей қызметтерді көрсетеді:

- студенттік ұйымдарды тіркеу, ашу және есепке алу қызметі;
- студенттік ұйымдарға мүше болу;
- студенттер үйіне орналастыру, алу және студенттер үйіне қатысты басқа да сұрақтар бойынша қызмет көрсету;
- әлеуметтік жағдайы төмен студенттерге көмек көрсету;
- оқу-әдістемелік бағыт бойынша кеңес беру;

Біздің ҚазҰУ-ға Алматы қаласының ішінде ғана емес, барша Қазақстан жастары қызыға қарайтыны мәлім. Достарымызды, әріптестерімізді біздің қалашығымыздағы «Меганы» көріңіздер деп ертіп апаратын, атына заты сай керемет жана ғимаратқа қоныстанған белсенді студенттердің қуанышын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Жастарымызға осындай жағдай жасау университет басшылығының бізге деген үлкен сенімі деп түсінемін.

МЕЧТЫ СБЫВАЮТСЯ

Центр обслуживания студентов «Керемет» - это уникальный комплекс в кампусе КазНУ, где все предназначено для удобного, комфортного и быстрого получения услуг. Подобный университетский центр в Казахстане открыт впервые. Он является одной из важных составляющих в реализации инновационного проекта «Al-Farabi university smart city», который предполагает создание университета нового поколения.

Студенты третьего курса факультета журналистики во время кураторского часа ознакомились с инфраструктурой и работой ЦОС «Керемет». Директор центра Сайран Баяндинова провела экскурсию и рассказала об услугах, которые могут получить студенты. Здесь находятся офис-регистраторы, отвечающие за четкое движение учебного процесса, бухгалтерия, паспортный стол, консультация по вопросам практики и трудоустройства. Электронная очередь помогает цивилизованно и оперативно получать любую информацию или оформить необходимый документ.

«Это очень удобно и современно. Более того, экономится время, при оформлении документов нет необходимости обходить кабинеты и службы, все проводится по принципу «одного окна». Следует отметить внимательное и доброжелательное обслуживание работников центра. Очень просторное и красивое здание, в котором чувствуешь себя комфортно», - поделилась своими впечатлениями студентка группы 309 специальности «PR» Айгерим Абдоллаева.

Особый интерес вызвало знакомство с диагностическим медицинским центром, который начнет работу в ближайшее время. Его директор Эрнест Калиев показал студентам врачебные кабинеты и рассказал об основных направлениях деятельности. Здесь можно будет сдать любые анализы, пройти ЭКГ, проверить зрение и слух, получить консультацию врача. Медцентр оснащается современным оборудованием, в его работе будут использоваться возможности телемедицины. К реализации этого проекта подключились специалисты известной в мире клиники «Кангам Северанс» из Южной Кореи.

Студенческая жизнь это не только учеба,

но общественная работа, культурные и спортивные мероприятия, активный отдых и развлечения. Руководство вуза позаботилось и об этом. В ЦОС расположились общественные студенческие организации, им выделены помещения, компьютерная и офисная техника, а самое главное они находятся в одном месте, что удобно и полезно для совместной работы.

В административном секторе можно получить услуги «АТФ банка», нотариуса, приобрести билеты на поезд и самолет, обратиться в туристскую фирму. Развлекательный сектор включает в себя кинотеатр и кафе. Работники центра сообщили, что в скором времени откроется супермаркет, салон красоты и оптики, фотоателье, прачечная, книжный магазин.

«У меня только восторженные и самые позитивные впечатления от центра «Керемет», мы реально увидели заботу руководства КазНУ о студентах. Все необходимое в одном месте. Хочу сказать, что в нашем университете есть не только прекрасные условия для обучения и занятия наукой, но и для комфортной жизни. Совсем недавно нашему факультету дали новое общежитие», - говорит студентка Акмарал Смаилова.

За последние годы КазНУ активно преобразуется, реализуются масштабные инфраструктурные проекты. Неизменным остается его предназначение как уникального места, где приобретаются знания, рождаются новые идеи и воплощаются мечты многих поколений.

Д. ГУБАШЕВА,
к.ф.н., старший преподаватель кафедры ЮНЕСКО, международной журналистики и связи с общественностью, куратор-эдвайзер группы 309

В КазНУ в рамках проекта Global e-School состоялись лекции профессоров университета Ханьянг (Республика Корея)



Калина красная

Шукшин принадлежал русскому искусству в той его традиции, в силу которой художник не то, чтобы унижал себя, но не замечал себя самого перед лицом проблемы, которую он поднимал в своем произведении, перед лицом того предмета, который становился для него предметом искусства. Шукшину была не только не свойственна, но и противопоказана всякая демонстрация себя, всякое указание на себя, хотя кому-кому, а ему было что продемонстрировать. Именно благодаря этой застенчивости по отношению к себе он и стал забываемым для других. Последние годы жизни Шукшина были таким периодом, когда все, что его окружало, все люди и факты становились для него предметом искусства, касалось ли это ссоры с вахтером в больнице или изучения биографии и деяний Степана Разина. Одно можно сказать – жить среди людей, происшествий, впечатлений, каждое из которых требует своего, причем законного места в искусстве, каждое, расталкивая все другое, рвется через тебя на бумагу, на экран, на экран, настоятельно требуя и ропша, – это очень трудно.

Социально-психологическая ДРАМА

